

Бекітілді
«NURSULTAN 7» БӨБЕКЖАЙ
Балабақшасының Менгерушісі
А.Ж. Түрегелдіма
Тарауы: Ақтөбе қаласы
Төрағатының орынбасары
0135072



**Денсаулық білім беру саласы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған
Дене шынықтыру ересек топтың перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2023– 2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;</p> <p>– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;</p> <p>– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;</p> <p>– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;</p> <p>– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу.</p> <p>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай қалып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;</p> <p>3) секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p>

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2023– 2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою;</p> <p>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю</p> <p>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру.</p> <p>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2023– 2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Жүру: Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Жүгіру: Шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, Секіру: Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2023– 2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру: Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру</p> <p>Жүгіру: Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;</p> <p>Секіру: Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру,</p> <p>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату,</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>
------------------	-----------------------	--

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
 Топ: ересек
 Балалардың жасы: 4 жастан.
 Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2023–2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұғу, алға созу, қайтадан бұғу және түсіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру: сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып</p> <p>Жүгіру: шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру,</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес)</p> <p>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>
---------------	-----------------------	---

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023–2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
------------	----------------------------------	--

Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру: бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың тепе-теңдікті сақтап жүру. Лақтыру, қағып алу, домалату: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>
-------	----------------	--

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы
Топ: ересек
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2023– 2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

<p>Наурыз</p>	<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Міндеттері: әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру,</p> <p>Секіру: аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру.</p> <p>Әртүрлі ұлттық қимылды ойындар. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>
----------------------	------------------------------	--

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2023–2024оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру: Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Жүгіру: 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, Секіру: 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындау</p>
--------------	-----------------------	---

Білім беру ұйымы: «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2023–2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Міндеттері: негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p>Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Жүру: сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру Жүгіру: шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау</p>
--------------	-----------------------	--

